


1 2005
59 834

Ахмет ӘШІМХАНҰЛЫ




САМЬРСЫН САЗЫ




Дидахмет ӘШІМХАНҰЛЫ

САМЫРСЫН САЗЫ

*Повестер, әңгімелер және
әдеби эсселер*



Астана
“Елорда”
2000



ББК 84 қаз 7- 4

Ә 95

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР

Ә 95 Дидахмет Әшімханұлы.

Самырсын сазы. Повестер, әңгімелер және өдеби эсселер.

Астана: Елорда. 2000 ж. - 371 бет.

ISBN 5-7667-6416-2

Белгілі жазушы Дидахмет Әшімханұлының бұл жинағына негізінен оқырмандар бүрін жылы қабылдаған “Он бірінші күз”, “Жер аңсанған Сарыатан” хикаяттары және бірқатар әңгіме, новеллалары еніп отыр. Сондай-ақ мұнда жазушының кейінгі жылдары жазған прозалық тың туындыларымен бірге өдебиетіміздің белгілі де беделді өкілдері: Қалтай Мұхамеджан, Әбіраш Жемішұлы, Қалихан Ысқақ, Оралхан Бекей, Сагат Әшімбаев және басқалардың өмірі мен шығармашылығын арқау еткен өдеби эсселері де топтастырылған.


Шығармалардың қай-қайсы да ойға бай, оқиғалары қызықты. Тілі көркем, өуезді.

Ә 4702250201-016 34-2000
450(05)-2000

ББК 84 қаз 7- 4

ISBN 5-7667-6416-2

©Д. Әшімханұлы, 2000



СЫРЛАСУ
(алғысөз орнына)

“ӨЗГЕ ЕМЕС,
ӨЗІМ АЙТАМ ӨЗ ЖАЙЫМДЫ”
Қасым.

Кеменгөр ойшыл Қорқыт ата: “Баланың кімнен тұганын анасы білер. Ердің батқанын ат білер. Жүктің ауыр-женілін көтерген білер. Беліне қай жерден арқан түскенін тең білер”, - деген.

Жазушы енбекі де осындағы. Әр шығармасын жазарда ол қандай мақсат тұтқанын, оны қалай орындаپ шыкқанын, қандай сөз-сөйлемдердің астына ой жақұтын жасырып, қай деталь-штрихтардың астарына “мина” қойып қойғанын, сондай-ақ... өз дарын-қабілетінің еткір тұсы мен тұтқыр қырын да, тіпті қай шығармасының қандай деңгейде тұрганы мен сол шығармалары арқылы рухани ортақ игілікке қаншалықты үлес қосқанын да - жазушының өзінен артық кім білер.

Бірақ бұл - әркім өз шығармасы жөнінде өзі ғана айтсын деген сөз емес. Мәселе мынада. Шығарманың алғашқы бірер сөйлемінен-ақ талант табиғатын тани қоятын сұңғыла сынышының өзі де кейде көркем дүниенің кек ірімінен көрмей қалатын қалтарыстар, түбіне жетпес шұңғымалар болады. Немесе... сол сынышы да, басқа да, өзі өмір сүріп отырган кезеңнің кесептап мінезіне орай шығарма астарынан көргенін көрмегендей, сезгенін сезбегендей ете шығып, оны айтудың онтайлы бір сәтін күтетін кезі және болады. Қалай десек те өдеби туындының көп ретте авторға ғана белгілі ішке бүккен құпиясы, сыртқа шашпаған сыр-жұмбагы жеткілікті. Алайда... замана Айы онынан, уақыт Күні солынан тұған бір кездे, орайын келтіріп оларды да оқырманға жеткізу - меніңде қызықты ғана емес, тағылымды да төлімді іс.

Екіншіден, өмірде де, өнерде де: бұрынғы жолдан бұрылма, данғыл дәстүрден айныма деген қатып-семіп қалған қағида жок. Ендеше қолыңыздағы жинақты негізге ала отырып, жалпы өз шығармашылығымның кейбір қыры мен сырын “өзгө емес өзім айтсам...” - несі айып!..

О бастан әдебиеттен таңдал алған жанрым - өнгіме. Шындығында, таңдайын дегем жоқ, үйренейін деп бастап едім, үйренген соң қалай бауыр басып кеткенімді білмеймін. Кейін... роман деп қолға алғаным да, повесть деп бастағаным да өнгіме бол шыға келетін болды. Бұның арты машиққа, машиқ соңы мақсатты ойларымды жеткізудің ең оңтайлы құралы өнгіме деп білуге мойын ұсындырды. Ол қандай мақсатты ойлар сонда? Міне, сыншыға да, басқаға да көп ретте көмескі бол қорінетін бір күпия осында. Бұл жөнінде “Жүсіпбектің сыншылығы туралы” деген әдеби зерттеу еңбегімде мынадай жолдар бар:

“Кейде бір шығармасын жазарда қalamгердің “осыны айтсам” дейтін ой-идеясынан бөлек “осы үшін жазсам” деген, онысын тек өзі ғана біліп, ақыл-парасатын іштей соган бағыттаңдырыратын жеке мақсаттары да болады. Айтальық, М.Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясында этнографиялық суреттеулердің өте көп кездесетіні, кей сәтте олар тіпті тәтпіштеліп, түсіндіріліп берілетіні де бар. Екі қазақтың бірі білетін мұндағы жайларды алға тарта берудің қандай қажеттілігі болуы мүмкін? Мәселе мақсатта ма дейміз. Ұлы жазушы сол ұлы шығармасы арқылы бұрынғы қазақ тұрмысына тән салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды өзге де жүргізу көп мақсатының бірі де бірегейі етіп ұстағандай. Ал Жүсіпбектің Мағжан туралы жазудағы мақсаты? Біздіңше, ол үш нысананы қөздеген. Бірінші - ақын таланттын таныту арқылы ең әуелі оны көлденең сез, ешкікөз, “бықсыған күншілдер” мен әпербақан сыншылардан қорғау. Екінші - “буыны бекіп, бұғанасы қатпаған әдебиетті тәрбие-леу” үшін профессионалды қөркем әдебиет сынның жаңа үлгісін жасау. Сосын - Мағжан шығармашылығын талдала-тарата отырып, ақын өсіп-өнгін орта - қазақ әлеуметінің сыр-сымбаты мен ерекшелігін, әсіресе оның отарлық, жағдайдағы хал-ахуалын көрсету”.

Әдебиет теориясында да көбірек орын берілмеген шығармашылық мақсат дегеннің не екені осы үзіндіден-ақ біршама аңғарылып қалар. Бұған баса назар аудару себебім: кезінде менің өнгіме жанрына тұтастай бет бұрыма да, сол өнгімелердің жедел жазылуына да ішкі бір есеп-мақсаттарымның зор дәнекер болғаны бар. Қалай? Неден, қандай жағдаяттан туған мақсаттар ол?

Ұлтты ұлт ретінде ұстап тұратын тәрт қазық бар: тілі, жері, саны, салт-дәстүрі. Бұлар қай ұлтқа болмасын аса қымбат та қастерлі дүние. Дегенмен... қазақ үшін жөні тіптен бөлек. Неге екені белгілі. Ал осы тәрт қасиетіміздің қай-қайсысына болмасын, басқа кезеңді билай қойғанда, соңғы ширек ғасырда ғана қаншама рет қауіп төнгенін ұлттың деген үрпақтың бөрі біледі.

Сондай сын сағаттарда кез келген арлы азamat үнсіз, қимылсыз қалуға тиіс емес-ті. Біз де үнсіз қала алмадық. Қолымыздан келгені жазу еді. Публицистика тілімен жазғанымыз аз көрінді. Уақыттың психологиялық көрінісін көркем тілмен, ойлантарлық оқиғамен, астарлы емеурінмен жеткізуді де парыз дег білдік. Оның ең ойттайлы құралы әңгіме еді. Тез жазылады, тез жетеді. Ашық, айта алмайтын ақиқатты қыртыс-қыртыстың арасына қыстырып жіберуге де қолайлыш. Мөселен, 80-ші жылдардың аяғында қазақ тіл туралы айтыстың нағыз қызған кезінде “Тасқала” атты әңгіме дүниеге келген де, бірден “Қазақ әдебиеті” газетіне басылған. Обалы нешік, сонда белгілі әдебиетші ғалым Мырзатай Серғалиев: “Бұл - тіл туралы тұнғыш әңгіме” дег багалаған. Бірақ ол тек қана тіл туралы да емес-ті. Тіл проблемасы қайдан шықты, біз осындай бейшара күйге қалай жеттік? деген сауалдарға да онда біршама жауап бар еді. Ол жауап астарлы еді. Көреген сыншылар оны кезінде ашып берсе - біз үшін зиянынан басқа пайдасы жоқ-ты. Неге? Негесін мынадан байқаңыз. Әңгіме кейіпкері - Сәнтай деген сегіз-тоғыз жасар бала аласына ілесін Тасқалага барады (Өскемен дег елестетінді). Бір ауыз орысша білмейді. Көшे аралап кеткен аласын жатақханада күте-күте жалықтан ол бір кезде аулаға шығып, қағаздан жасап алған “самолетін” ары-бері ушырып ойнап жүреді. Бір сөт биіктеп үшқан ойыншығы қалықтап барып дөнгелек гүлзарға қонаады. Оны алайын дег қалың шөпті басып барғаны сол... аула сыптырып жүрген кеккөз әйел бірдеме дег айқайладап, сыптырышын шошандатып тұра қуады ғой. Бұл тұра қашқаңда... жаңағана сол гүлзарға итін сарғызып, ойнап жүрген кеккөз бала бұның соңына түседі ғой. Өстіп итке мазақ қыльшып, бірнеше көше асырып тастағанда, бұл қайдан келіп, қайдан тұрғанын білмей қалады. Жөн сұраған бірде бір қазақтың өзі бұның тілін түсінбейді. Тасбауыр тасқалада сейтіп бала адасады. Адасып келе жатып, жылап келе жатып ол атасын ойлайды. Сол тұстағы үзіндіге, үзіндідегі ойға қараңыз. “Есіне қай-қайдағы түседі де. Бірде екеуі тауда шөп шауып жүргенде бір уыс күренсөні ол құшырлана іскең отырып: “Жарықтық, қай бабамның қанына өсіп шықты екен” деген ойланып. Бұл түсінген жоқ. Түсінбегенін айтып еді, атасы: “Бұл жердің бәріне ата-бабаның қаны төгілген. Қан төгілген жерге шөп қалың өседі” деген шегелеп. Жаңағы дөнгелек қекалдың да шебі тым қалың еді. Мүмкін ол жерге де ата-бабаның қаны төгілген шығар. Ата-бабаның қаны төгілген жерге қайдағы бір ит сарып кетеді, ал бұған аяқ басуға болмайды”.

Бұнымен не айтқым келгенін енді тәптіштемей-ақ, қояйын.

“Сары самауыр” (салт-дәстүрмен қоштасу азасы), “Медаль” (демографиялық әңгіме), “Жер аңсаған Сарыатан” хикаяты да осындай ынғайда жазылған.

Жер сатамыз деген әңгіме жаңа үшқын ата бастаған кезде-ақ талай қазактың түн үйкісі бұзылғаны рас. Аталған хикаят та - менің екі айлық шала үйқымның жемісі. Оқиға объектісіне Алтайдың арғы беті алынған. Батыр бабасы Кекеннен қалған Кекентауды сырттан ауып келген орысқа болмашы “малға” сатып, ер-тоқымы мен етігін картага үтқызып, ақыры кісі есігінде кіріптар бол қалған кешегі сері Сердалы жылап отырып былай дейтіні бар шығармада: “Ерден айрылдым - жайдак болдым, етіктен айрылдым - маймақ болдым, жерден айрылдым - бейбақ болдым...” Бірақ нағыз бейбақ өзі де емес, одан туған бала - Кекентауды бір-ақ үйір жылқыға сатып алған Метрейдің шошқасын бағып жүрген бейшара Қожық болады... Жер сатамыз деген сөз өлі де басылған жоқ. Жер сатылса - ертеңгі үрпағымыздың қайсысы кімнің шошқасын бағатынын бір құдайдың өзі білед...

Жазушы өмір өрнектерін көркем бейнелеумен ғана шектелмейді, болашақты болжайды, неден қауіп ететінін, неден секем алатынын да сездіріп отырады. Осында жағдайда кейде шығармасына сыналап кіргізіп жіберген өзіндік ойларға өзі күдікпен қарайтын да кезі көп. Мысалы “Жылъажайдың қияры” деген әңгімемді мынадай сұраптармен аяқтағаным бар. “Адамбыз!” дейміз айқайлап. “Адамгершілік!” дейміз үздігіп. Адам болсақ, артымызға неге бір қайрылмаймыз аңырап. Адам болсақ, жыланның баласындағы неге жан-жаққа зыта қашамыз туа сап?!” Әңгімені жазу үстінде: базбір балалар неге ата-анасына сұық болады? Көрілер үйіне мұскін бейшаралар қалай туседі? деген сауалдар да санамды сан саққа жүгірткен. Сол сауалдардың біріне берген жауабым төмендегідей еді. Кейіпкер Телжан:

- Апа, келініңіз үйде жалғыз еді, - деді сыпайы.
- Ө, солай ма? Балалар қайда?
- Елде.
- Е-е, балам, елің де жақсы, бақшаң да жақсы. Бірақ бәрінен де келінің өзі жақсы”.

Бұнымен кемпір не айтқысы келді. Дәлірегінде, автор - мен не айтайын дедім? Бұл - балаңды әке-шешене де, бала-бақшага да берме, жағдайың келсе - өз қолында тәрбиеле. Бала сонда ғана жатбауыр болып өспейді деген сөз еді. Осы ойым қалай өзі? деп күмәндәніп жүруші едім... Әңгіме жарияланғаннан кейін, арада бес жыл өткенде, “Огонек” журналынан атақты суретші, қоғам қайраткері Илья Глазуновтың тәрбие жөніндегі бір пікірін оқып, көңілім орныма түсті. Жоғарыдағы ойларды ол да айта келіп, балабақша мен интернеттә тәрбиеленген балаларды “казенные дети” деп бағалаған екен.

Шығармаларымның ішкі иіріміне қатысты қадау-қадау сыйымды осымен докарамын. Ал сыртқы пішіні жөнінде... екі-ақ

мәселеңе тоқталғым келеді. Бірінші - оқиғаларды шамам жеткенші детальмен беруді, детальмен түйіндеуді, қарапайым тілмен айтқанда, болмашығана бір затқа, құбылысқа мән беру арқылы сезімді селт еткізу ді ұнатамын. Егер ол сөттің табылған деталь болса, жадыдан өшпесін, естен кетпесін сеземін. Шүкіршілік, жазылғанына, жарияланғанына қашшама уақыт етсе де кейде бір азаматтардың “анау бір өндіменің мына бір жері...” деп басталатын сөзін өлі де жи естимін. Сондағы “мына бір жері” - деталь! Әдебиет үшін детальдың қымбаттығы да осында. Бір ғана мысал. “Сары самауырдағы” кішкентай Айжанның мүйізден жасалған кір-кір қара тарақты құндіз қолынан, түнде қойнынан тастамайтыны бар. Ол (тарақ) - кірпияз шешесі үшін - кір-кір ескі дуние, ал кішкентай Айжан үшін - “алтын мүйізді киікті алыстан іздел кеткен” апасының көзі... иісі... тұныш тұрган сағыныш! Міне деталь - қара тарақ!

Екінші - мейлі қандай жанрда жазылса да жақсы шығарма өн салып тұруға тиіс. Иә, кәдімгі өн! Ал өнге тән басты ерекшелік - ырғак, өуен екені белгілі, Ырғагы өдемі келіскең прозалық шығарма өлең-жырдай кібіртіксіз, кедергісіз оқылуымен қатар көктемгі ескек желдей жанды баурап, жүректі тербел отырады. Шығарманың ішкі психологиялық табиғатын майда қоныр өуенмен бір қалыпты ұстал, бір қалыпты жеткізіп тұратын да ырғак, Жок, бір қалыпты деген де жай сөз. Кейіпкердің жан дүниесіндегі бұлқыныстар мен оқиғалық құбылыстарға сәйкес ырғақтың да неше құбылып, неше өзгеріп тұратын кезі жеткілікті. Сондай-ақ әр өннің өз өуені болатыны секілді әр шығарманың өзіне ғана тән ырғагы болады. “Әуелі бұл шіркінді бастау қыын болса”, көркем прозада сол ырғақты табу қыын. Егер байқасаныздар, кейбір шығарманың бастапқы бірер бетін оқу ауыр болады да, одан әрі біртіндең женілдей түседі. Бұл - әлті шығармага лайық ырғақтың бірден табылмағанының белгісі. Бұ жағынан тырнақалды туындыларымда менің де қиналған кезім баршылық. Әлі есімде, тұнғыш өңгімем - “Аққабаның толқынын” жазарда, дайын тұрган оқиға, сюжеттің басын құрай алмай, қатты өуреге түскенмін. Сондай құндердің бірінде... өңгіме кейіпкерінің протатипі - сүйікті женгемнің иен жайлауда, иен өзеннің бойында отырып сыйылтып салған өні құлағыма ап-анық, естілгендей болған... “Қамысы өупілдектің мүше-мүше, саргайдым осынау көлдің сүйін іше, өпитет...” Сол бір кез - жиырмадан жаңа асқан женгемнің де жалғыздықтан жабырқап, құлатуде құлазып жүрген тұсы еді. Мен өңгімеде дөл осыны көркем кестелемек болғанмын. Ақыры кестеледім... “Әупілдек” өнімен... Соның сағынышты сазымен... ырғагымен. (Ырғақ үшін “көп нүктө” де керек тегінде).

Ырғақ үшін өлең де жазамын кейде. “Жетпіс апа” атты әңгімем алдымен баллада түрінде жазылған. “Жетім жүрек” деген атпен “Қазақ әдебиетінде “басылды да ол. (10 жылдан соң).”


Ырғақ үшін... септік, көптік т.б. жалғауларды, грамматикалық, орфографиялық ережелерді кейде мойында маймын да...

Иә, ырғақ үшін. Ал ырғақ, дегеніңіз - сұлулық, өуезділік, бәрінен бұрын табиғильтік қой шіркін!

Табиғильтік! Мен осы шағын алғысөзді Қалтай ағам айтқандай, фамилиясының құйрығы бар (атағы, лауреаттығы) “ұлкен беделдіге” жаздырмай, өзім жазу себебім де - сол табиғильтік үшін. Мұнда “шынымды айтам деп біраз сырымды” да айтып қойған секілдімін. Сағынып көріскенде, адам не демейді. Ал өмірді, өнерді, адамды, ізгілік атты ең қасиетті дүниені сағынып жүрмеген жазушы - жазушы ма, тәйір!..

Сіздерге де соны тілеймін. Көкіректеріңізге өмір шөлі қанбас Сағыныш, жүректеріңізге қанша сүйсе де, құмары басылmas Сүйіспеншілік тілеймін. Өйткені... Құдай дегеніміз - Сүйіспеншілік қой!..

Повестер



ОН БІРІНШІ КҮЗ

Іс оңына басайын десе, қионы қашқан тірліктің қисынына келуі де оп-оңай екен фой. Әйтпесе мына құба жонда сүлік қараны теңселе жорғалатып, тербеліп келе жатқан Бөкен кеше кім еді? Кім дерің бар ма, оқудан жолы болмай, бір аптадан бері үйде үйелеп қалған Есілбек шалдың ұлы да. Үйелемей қайтсін, көшеге шықса, көптің көзі тек өзіне қадалатын сияқты. Қадалып қана қоймай, табалап қулеттін де сияқты. Әйткені сол көптің мектепті ілініп “үшке” бітірген көп баласы студент бол шыға келгенде, медальмен бітірген бұның... иә, медальмен бітірген бұның ауылға күлбеттегеніп қайтқаны үят-ақ тілті. Сонысын көзге шұқығандай, үйге келген кемпір-сампырға дейін: “Үйбей, Бәтима-ау, осы жаман шұнағың медәлмен бітірген жоқ па еді!” - дейтіндерін қайтерсін. Е, сонда “медәлмен” бітіргеннің бәрін институт еніреп қарсы ала ма екен? Әлде оқуға “медәлмен” барған жалғыз осы Бәтиманың “жаман шұнағы” деймісің. Осыны түсінер жүрт қайда, мектептен кілең “бесті” бүл сатып алғандай-ақ бірі мысқылдай ма, бірі мұсіркей ме, әйтеүір, қажай түскілері келеттін секілді. Сөйтіп көресіні тенгедей темірден көріп, жігері жүндей түтіліп жүргенде, тілеуің бергір, Тоқан ағайдың шақыртып алғаны. Шақыртып алыш, зоотехниктің мандайына біткен жалғыз жорғасын бұның тақымына басқаны. Енді ел не десе, о десін, “Жамбыл” со-вхозының Жамбыл атындағы орта мектебін мың да тоғыз жүз сексен бірінші жылы медальмен бітірген Бөкен Есілбековтің бір-ақ күнде қойшы бол шыға келген түрі осы. Шүкір, бақлаған қойы емес, өлі де бағады. Баққанда, Тоқай ағай тапсырғандай, тұра өз атасы сияқты бағады. Сонын келер жылы совхоз берген қарағайдай жолдаманы қалтасына салады да, “шу, қарақүйрық” деп, қалаға тартып отырады. Оқуға сонда түсе алмаса, кемпір-сампырдың өсегінен өліп-ақ кетсін!..

Иә, дәл солай!

- Әйт, шу, жануар!

Сары ала қамшының сабы шошаң ете қалғанда, сүлік қара тайпалып ала жөнелді. Мойнын еңкейте созып жіберіп, аяқтарын жерге дөп-дөп тастайды. Жүрісін үдеткен сайын жұмсақ қара жалы сусылдан желп-желп етеді. Төңірек құлаққа ұрган танадай, ат түяғының дүбірінен басқа селт еткен дыбыс жоқ. Алдан қоныр салқын жел еседі. Оң жақтағы сиырбүйрек жоталар төбеге келген күннің жып-жылы шуағына бөгіп, дел-сал манаурап жатыр. Бөкеннің алдына сыландай қашқан таспа жол осы жоталарды артқа сап, енді сонау Көксенгірдің кең қойнауына қарай құлдилай безіп барады. Мана екі сағаттан астам қарағайлы тік қалталды өрлең, асудың үстіне шыға келгенде, алыстан құз-шоқылары қас батырдай қасқая қалған Көксенгірін сол, өне. Етегінде анау жал-жал жасыл шыршалар үйездеген беткейлі-сайлы мол аңғар Бөкенге кішкентайынан таныс. Атасы алдыңғы жылы пенсияға шыққанша, Бөкен бұл жайлаудың қай ангарында қой бағып, қай төскейінде қозы жамыратпады. Тіпті қай сайға қай уақытта қос тіккендері де есінде. Бір өрісті тұлақтай тоздырып көрген атасы ма, көшіп келген жеріне он күн тұрақтамай жатып: “Ойбай, мына жұрттың миы шығып кетті. Қой, бұл өрістің де оты қашты”, - деп, жаз бойы жұрттан жұрт ауыстырып, жыл құсындаі жылға қонып жүруші еді. Соның арқасында Бөкен де бұл төңіректі түгел жаттап алған. Маусымына қарай өр өрістің өрқалай қабақ танытатынын да жақсы біледі. Қазір алыстан-ақ Көксенгердің бүгінгі түрін көзben көргендей сезіп келеді. Төменгі балақтағы қайың талды Бұлғындысай өлдеқашан сарғайған. Өйткені тамыздын аяғы. Тамыздың аяғында сай-саланың ұзын шөбі сарғайып, жапырыла жығылып қалады. Ендеше, ол жер қазір қойшыға қоныс емес, олар тек жогарғы алқымдағы тақыр-тазды Кеңөрісті ғана жайлауы мүмкін Бөкеннің бет алысы да - сол Кеңөріс. Тоқан ағайдың айтуыша, Жәмештің отары сонда көрінеді. Несі бар, жаман жер емес. Жәмеш екеуі бабын тапса, жарықтық Кеңөріс деген өрістің нағыз оты ғой. Өзі ат шаптырым кең. Он қора қой түгел шиырласа да, күздің қара сұғының дейін қияқ шөбі бір қисаймас шіркіннің. Бар міні - аздап салқындау. Таңертең кешке тау жақтан ызғырық желдің азынай гулеп тұратыны бар. Әсірессе осы күзге қарай. Көмекшісіз Жәмештің де күйі кетіп жүрген шығар. Төбеден түскендей бұл салып-

ұрып жетіп келгенде қайтер еken? Сөз жок, әйелі үл тапқандаидай куанар. Күн ұзак тау басында жалғыз қаңсу оңай ма? Токан ағай да қызық, бұл аттанар сөтте қолын қысып тұрып: “Жәмеш ағаңмен тату бол. Тату болам деп, ауыз жаласып та кетпе”, - дегені бар. Тату болмайтын не жетті со құрлы. Есін білгелі бір ұлкен адамның бетінен алыш, тілін безеген - бұл Есілбеков емес. Он жыл оқығанда мектепте де бір мұғалімнен: “Әй, Есілбеков!” деген ескерту алған - бұл Есілбеков емес. Сол абырайын аяққа басқандай енді дырдай жігітпен үстаспақ па?.. Жәмештің де көрінгеннің жағасына жармасып, жаманатты болғанын Бөкен көрген жок: Өзі оқыған, білімді жігіт деседі. Баяғыда қаладан әлдебір техникум бітіріп, көрші совхозда бірер жыл механик болыш істепті де, сосын осы “Жамбыл” совхозына келіп, бір отар қой алышты. Әжептәуір қызметін неге ақ таяққа айырбастағанын кім білсін, әйтеуір, содан бері жақсы да, жаман да аты шықпаған қарапайым шопан көрінеді. Бұның бәрін Бөкен елден естіген. Бұның бәрін ел сөз етпесін де мүмкін еді, өткен жылы ол қып-қызыл “Запорожець” машинасын алыш, сонынан қып-қызыл өсек ерткен. Өсектің басы алдымен “Жәмеш бұл машинаны қайдан алды?” дегендеген шықты да, ол сұрақ ауыздан-ауызға көшіп, жауап іздей жөнелді. Бірақ жауабы табылмады. Өйткені өсекшілер мен есепшілер қалай есептесе де, Жәмеш айлық ақшасымен бес жылда бес мыңдық “Запорожець” ала алмайды еken. Мүмкін, жыл аяғындағы он үшінші айлықта ақшаны үйіп алған шығар? Жок, ондай байлыққа да Жәмештің қолы жетпеген еken. Мүмкін, баяғыда көрші совхоздан малды болыш келген шығар? Жок, жалғыз көтерем кек сиырын жетелеп жеткен еken. Ойбай-ау, ендеше, ол бес мыңдық қып-қызыл “Запорожецті” қалай алды? Бұл сұрақтың шешуін таба алмай мысы құрыған жұрт бір мезет Жәмештің жеке басына біз сұға бастаган. “Анау мықылмен қарайтын тышқан көзінен құлық көрініп тұрады”, - дейді біреуі. “Көзін де, сөзін де қойшы, өзіне көмекші тұрақтамайды, деседі”, - дейді тағы бірі... Міне, Жәмеш жайындағы өткен жылғы өсек осы. Бұны Бөкен естійін деген жок, класттарына дейін әңгімелеп отырғанда, құлағын бітей алмаган. Соңда оларға ыза да болған. Біреудің машинасында шіркіндердің несі бар? Алса, алған шығар ақшасына. Міндетті түрде соны зерттеп, тексеріп, өсек етпесе,

өңештерінен ас өтпей ме? Әлде қызыл “Запорожец” іштерін қызыл шоқ боп күйдіріп бара ма? Әйтпесе оқыған, білімді жігіт сол машинаны арамдықпен алған жоқ шығар. Ел не десе, о десін, дәл сол Жемешке қемекші боп бара жатқанына Бекен екінбейді. Айранын ұртап, қойын құрттағаннан басқа дым білмейтін әлдебіреуге тап болғанша, көкірегі ояу жігіттің жанында жүргенге не жетсін!

- Шу, жануар, тайпалада!

Сулік қара мойнын тұқырайтып жіберіп жорғадан күрт шабысқа ауысты. Тастақты еңісте сурініп кете ме деп Бекен тізгін тежел еді, ауыздығын қарш-қарш шайнап, шабысын одан сайын үдете жөнелді. Сол бетімен бұта-қарағанды сай ішіне жұлдыздай ағып түсті де, жатаған жотаның үстіне қайқаң қағып шыға келді. Соңан кейін танауын пыр-пыр еткізіп, қайта жұмсақ жорғасына басты. Бекен оның желкілдеген жалынын сипап, жіпсіген мойнын жайлап қағыш-қағып қойды. Еркелеткенді сезгендей, о да құлагын жыми-та береді. Тақтайдай сауыры мен кең омырауынан тер жаңа шыға бастаған. Міне, ат деп осыны айт! Мұндай пыраққа мінгеннің арманы не? Ауылдан шыққалы үрдіс жорғамен келеді. Жайлауга шығар манағы қара орманды биік қалталдаған бірер сағат аяңға салған. Онда да кібіртікеп демікпей, құба жонға еркін көтеріліп еді. Жануарды бұдан былай көп кинамаған жөн. Бүйтіп тайрандата берсе, ертең-ақ қабырғасы ырсып, ыңыршағы айналары анық... Иә, бүгіннен кейін бұның шып еткен терін шығармау керек. Күніне бір уақ өзенге апарып, денесін жуып, түтін жылтылдатып, өрістің ен оятына қойса, жайлаудан қайтқанша оқтаудай жарап шыға келмей ме? Соңда оған шалқая мініп, шайқақтата жорғала-тқанын көрген жандар: “Е-е, бұл баланың оқудан жолы болмаса да, жорғадан жолы болыпты-е” демесіне кім кепіл. Осындай атты астына салып берген Тоқан ағайға қалай риза болмассың? Сулік қара тақымына түспесе, Бекеннің қойға баруы да екіталай еді, сайтанды алдына сыландатып қойғанда, директордың ығына қалай жығыла бергенін өзі де аңғар-май қалған...

2

Бекен таңертен төрдегі темір төсекте бұйыға бүрісіп жа-тыр еді, уйге қара шапанының етегіне шалына кірген атасы:

- Эй, балам, тұр! Сені деректір шақырып жатыр, барып қайт, - деді босағада таяғына сүйеніп тұрып. Бекенниң жүргегі су ете қалды. “Деректір” дегенге мектептің директоры Қасым ағай екен деп ойлаған. Оның алдына не деп барады? Оқуға түсे алмағанына сүйінші сұрамақ па? Отыз баланың ішінде ең үміт күткені де осы Бекен болды ма, ол бұған тым жылы қарайтын. Бұл сабак айтқан кезде, дөңгелек көздері күлімдеп: “ой, азамат!” - дейтін көздері де көп еді. Сол “азаматы” мақтаған қыздың тойдағы “қылышын” жасап, беті қызырып жатқан түрі мынау.

- Бармаймын! - деп бұл күнк еткен. - Қасым ағайға көрінгенше...

- Эй, мынаның Қасымы несі, ей... Қасымың не, ей! - деді атасы таяғын еденге тоқ еткізіп. - Сені шықарған - Тоқан. Сапқоздың деректірі - Тоқан.

- Мейлі, қайсысы болсын, бармаймын. Білем, мені неге “сағынып” отырғанын, қойға жібермек қой... Айттым ғой сендерге қалага кетем деп. Айтқаным - айтқан.

- О, қалада басың қалғыр, қанғыбас неме. Ертең деректірге не деймін, а? Не деймін? Балам тілімді алмады, сөзім өтпеді деймін бе? Енді қартайғанда біреудің алдында бетім қызырағын болды-ау! Бар, бар, кет қалаңа! - деп, атасы есікті таяғымен нұқып ашып, бүкшендеп шыға жөнелді.

Бекен атасын қатты аяп кетті де, жылдам киініп, ауыл шетіндегі совхоз кеңесін бетке алды. Жолда ойы сан-саққа бөлінді. Көз алдына қала елестеді. Көше бойына сөн түзеген зәулім үйлер... Сыңсыған саялы парктер... Әсем театр... Үлкен кітапхана... Ал мұнда ауылда?.. Ауылда емес-ау, жайлауда... Жым-жырт иен жер... Азынай соққан жел... Бытырап жайылған қойлар... Ат үстінде бүрісіп, күн қашан батар деп тұрган қойшы... “Жок, қалай да қалага сызу керек. Қой бағып, көрінгенге көз тұрткі болғанша, қараны батырған жөн”, - деп түйді Бекен. Осы оймен кеңесеге де жетті. Жеткенмен узын коридордың нақ төріндегі қара былгары есікке тірелгенде, бөгелді де қалды. Құдды бір қылымыс жасап қойғандай, қанша батылданғанмен аяғы алға аттар емес. Үлкен адамдарға жолыгарда қарадай берекесі қашатын қашанғы өдеті. Өстіп біраз қипактап тұрды да, акыры қалага кетем ғой деп, есікті ашып қалып еді, іште лық толы адам екен. Екі жаққа қаз-қатар тізіле отырған олар бұған жалт қарас-

ты. Сәл болмаса, бұл есікті сарт еткізіп қайта жаба қояр еді.

- Кел, кел, Бекен отыр, - деді Тоқан ағай жүп-жұмсақ, биязы үнмен. Бұл кібіртікей басып ең шеткі орындыққа жете бергенде:

- Жо-жоқ, мұнда кел, - деп, Тоқан ағай тұра өз жанынан орын нұскады. Бекенде не ерік бар, бүйдасынан жетелеген ботадай ол орынға да жетті. Жетті де, жерге қараған күйі желкесін қасыды. Неге қасығанын өзі де білмейді, өйтесір, қышымаганы анық. Кабинетте сыйыр-кубір басталды. Бұл бәрін естіп отыр. “Есілбек шалдың баласы фой...”, “Оқуға түсе алмаған көрінеді...”, “Бұл өзі медальмен бітірмел пе еді?..” Бекеннің беті дуылдаш барады. Әттең, кірерге тесік жоқ. Тек осы сәтте Тоқан ағай:

- Ал, жолдастар, осымен мәселені шештік-ау деймін. Бәрі түсінікті болса, жұмыстарыңызға бара беріңіздер, - дегендेғана, Бекен “уң” деп, мандай терін сұрткен. Бірақ қырсық-қанда кабинеттегілер бірден шығып кетпеді, бір-бірімен сейлесіп, директорға қайдағы бір қағаздарына қол қойдырып, не керек, Бекеннің өбден итін шығарып барып жөндеріне кеткен.

- Иә, дәу жігіт, сөйле, - деді сосын Тоқан ағай үлкен кекшіл көздерін бұған қадап. Сөйлейтіндей “дәу жігітте” не жөні тузу сөз болсын.

- Түсे алмадым, - деді күнк етіп.

- Неменеге түсे алмадың? - дейді ол түкке түсінбегендей жымып.

- Оқуға, - деп, бұл даусын қаттырақ шығарды. Онысы - білмейтіндей неге сұрайсыз дегені. Тоқан ағайдың кекшіл көздері күлімсіреп тағы да жымиган.

- Тәйірі, сол да сөз бе екен. Биыл түсे алмасан, келесі жылы түсесін. Тіпті осы жылы түсे алмағаныңа қуан сен. Иә, қуан. Баяғыда мен мединститутқа бірден қабылданғанымы үш жылдан кейін қатты өкінгем.

- Қалай... мединститутқа?... Сіз СХИ-ды бітірмедіңіз бе?

- Иә, СХИ-ды бітіргем. Мединститутты үшінші курсынан тастап, арофакқа барғам.

- Қызық екен?!

- Қызығынан бұрын оның өкініші көп болған, - деп, ол самай тұсы афара бастаған қара бүйра шашын салалы саусақтарымен тарақтай түсіп үнсіз отырып қалды. Тек не заматтан соң:

- Өзің қай окуға барып едің? - деді салмақты пішінмен.

- КазПИ-дың тарих факультетіне.

- Мұғалім болғың келген гой. Дұры-ы-ыс... Ал сол оқуды бітіріп шықсан, мұғалім бола алар ма едің?

Бұл сұрақ Бекенді таң қалдырды. Алматыда емтиханнан жүні жығылып шығып, тротуардың шетіндегі бір орындықта көңілсіз отырганында, әлдебір ақ бас шалдың тұра осы сұрақты қойғаны бар. Соны Тоқан ағайға айтуға енді оқталған сөтінде... кабинетке тыптың-тыптың басып зоотехник Жорға Жұмабек кіре берді.

- Төкес, аттарды қораға кіргізді. Жирен қасқаңызды ерттетіп қояйын ба? - деді ол босағадан ұзамай.

- Кімге ерттетейін деп едің? - деп, Тоқан ағай оған тік қарады.

- Жылқышыға да, Төкес.

- Жылқышы директордың атын ерттеп беруге міндетті ме? Осындаидың не қажеті бар... Бара бер, біз де шығамыз қазір.

Жорға Жұмабек есікті жапқан соң, Тоқан ағайдың кіржие қалған қабағы қайта жазылды.

- Иә, жаңа не айттып отыр едік?.. Е, оку жөнінде екен гой. Жә, ол жайында кейін әңгімелесерміз. Бұдан былай не істемек ойың бар?

- Қалаға кетем... Жұмыс істеймін.

- Дұры-ы-ыс, осыны айтатыныңды біліп едім, - деп, ол қара бүйра шашын тағы да тарақтай бастады. Қазір “ауылда қал, қой бақ” дейтін шығар, бәрібір көнбеспін” деп, Бекен отыр. Тоқан ағай бір кезде орнынан түрді да, кабинет ішінде ерсілі-қарсылы жүріп кетті.

- Інішек, сені шақырған себебім мынау, - деді сосын. - “Сөзді үққанға айт” деген сөз бар. Сөз үгатын жігіт деп ойлаймын. Сондықтан өзің сияқты барлық жасқа айтарымды алдымен саған айтуды жөн көрдім. Ондағы ойым - жолыңда кесе көлденен тұру емес. Қалаңа барам десен, бар. Сені мұнда зорлап қалдыруға ешкінің қақысы жоқ. Бірақ мен бір нәрсені білсем деймін. Сендер, бүгінгі жастар, неге тым жеңілдікке өуессіңдер! Бесіктен белдерің шықпай жағып, рахатқа күмп бергілерің келетін қалай? Ондай рахатқа батып та жүрсіндер. Мәселен, мына сен өкеңнің арқасында табаныңа тас батып, тамағыңа қара тікен қадалды ма? Бол-

маса арқана ауыр жүк түсіп, бұғанаң бекімей белін бүгілді ме? Жоқ, бұның барлығын заманында сенің өкең, сенің өкең сияқты анау қаусаған қара шалдар көтеріп алған. Соны түсінудің орнына болғаның үстіне болса екен, бергеннің үстіне берсе екен дейсіндер. Жарқынным-ау, судың да сұрауы бар фой... Біздің ең қиналатынымыз, оқуға түсіп, бірден маман болғыларың келеді. Артық айтсам айып етпе, ондай маманның пұты беш тын, айналайын!..

Тоқан ағайдың үні біртіндеп қатайып барады. Ол қатайған сайын Бекеннің басы тәмен салбырай түседі. Манағы қысылғаны түк емес екен, қара тері қазір шыға бастаған. Жынық арада Тоқан ағайдың да тоқтар түрі жоқ, не де болса сөзімді жеткізіп, жер қылып шығарайын дейтін сияқты.

- Өзіндей жастар, - деді ол бір сәт тұра бұның алдына келіп. - Өзіндей жастар бір кезде қар жастанып, мұз төсөніп қала салды, керегінде кеудесін оққа тосты, ақ боранмен алысып тың игерді. Ондай қындық бүгінде жоқ па? Бар. Ол ауыл шаруашылығында. Олай дейтінім, ауылдағы көп жұмыс өлі қолмен атқарылады. Мүмкіндік болған күннің өзінде оның толық техника қолына көшүі екіталай. Неге десен қойды қойшысыз бағамыз дегенге мен өз басым сенбеймін. Жарқынным-ау, қарапайым техниканы былай қойғанда автоматика, кибернетика дегендерің мың жерден керемет болса да, адамнан ақылды емес қой. Ол өзін сияқты қай жердің өрісі отты, қай жердің суы нәрлі екенін біліп, қойды қабағына қарап баға ма? Міне, ауыл шаруашылығының қындығы да осында. Жөне, ең өкініштісі, өр малдың затын, өр шөптің атын білетін сендердің қалаға қашатындарың. Білем, ауыл баласы қаланың кез келген жұмысын істей алар, ал қаланың көген көзі ауылға келіп, өй, жарыта қоймас. Саган айтарым осы... Мө, сосын... Әкеңе айта бар, бүгіннен қалмай жайлаудағы Жемештің отарына журіп кетсін. Мана: “Балам бармаса өзім барам”, - деп еді.

Сөзім бітті дегендей Тоқан ағай сұрғылт қалпағын киді де, есікке беттеді. Соңынан сүйретіле тұрып, Бекен де ілесті. Сыртқа шыққан соң да бұрылып жүре бермей, оның артынан ерді. Неге ергенін өзі де түсінер емес. Жаңағы сөзден соң, бүгінге дейін көкірегінде тулап тұратын “өзімдік дұрыс, өзім білем” деген ала құйын желігі мулде басыльш қалған. Ойлап қараса, осы уақытқа дейін өлгіндегі қатты сөзді бұған

батырып кім айтыпты? Мектеп бітірер күнгі кеште төр басында тұрып, толқи сейлекен Қасым ағай: “Ал, айналайындар, “айналайын” деген сөз осымен бітті”, - деп еді. Ертегі күні бұларды ешкім еркелетіп, маңдайынан сипамасын ол кісі сонда-ақ сезген екен гой. Расында, енді атасы мен апасынан басқа Бөкенди кім “айналайын” дер. Атасы дейді-ау, қасарысып қалғаға зытып отырган ұлының орнына қой балып, қалтырап жүрген кезінде, ол да бұны “айналайын” деп еске ала ма?.. Бұны ойлаганда Бөкеннің іші үдай ашып, көкірегі құлазып сала берді. Көз алдында таңғы ақ шуаққа көміліп, көгілдір тартқан дүниенің барлығы бір түрлі сұрықсыз көрінді. Сол көңілсіз күйі Тоқан ағайдың сонынан ілби басып ат қораның жанына келді. Ішінде түгі жылт-жылт еткен он шақты жарau ат пысқырынып, жылқышыға үстапай одыран қағып жүр екен. Көптен мінілмесе керек, асаусып, шетінен тулап тұр. Қораның ортасында Тоқан ағайдың жириен тәбелін үстай алмай Жорға Жұмабек тыптың-тыптың етеді. Аттар оның сырлдыrlаған жүгенинен емес, ебедейсіз жүрісінен үркетін сияқты. Құдды мультфильмнен келген адамдай қалт-қалт етіп, қораның о шеті мен бұ шетіне құлдыран қағады. Мұндай адамға ат үстапқанды қойып, маңдайына жұытар ма?.. Қарадай ызасы келген Бөкен жанындағы аша қазықта ілулі тұрған қайыс арқанды жұлып алып, дуалдан секіріп түсті. Түсті де, арқаның бір ұшынан тұзақ жасап, қалғанын уысына шумақтай жинастырып алды да, қораны ықтай қашқан аттарға қарсы үмтүлды. Алдарынан оқыс шыққан адамды көргенде, аттар дүркірей жалт бұрылған. Үнғайлы сөтті қалт жібермеген Бөкен шалмасын иіріп-ііріп, жириен тәбелдің кегжиген басына лақтырып та үлгерді. Шалма дөп түсті. Мойнына жыландаі оратылған бөледен құтылмақ боп, жириен тәбел кісіней, тік қарғыды. Бөкен арқанды беліне орай қойып, табандап тұра қалғанда, асаусыған неменің мойны жерге тұқырая берді.

- Өй, азамат! - деп, Жорға Жұмабек тыптыңдап жетіп келді.

- Жігіт! - деп қояды дуалдың сыртындағы Тоқан ағай да.

Бөкен директордың атын жетелетіп жіберген соң, зоотехниктің атының да желігін басуды жөн көріп, сенің мінетінің осы-ау деп, сұліктей қара жорғаға шалмасын иіре лақтырды. Тұзақ оның да мойнын құрсаудай қысқан. Осы мезетте Жорға Жұмабек:

- Эй-әй, босат! Онымен өткен аптада ғана жайлауға барып қайтқан. Ана торыны үста, торыны, - деп шыжбалан қақты. Бекен не істерін білмей анырап қалып еді:

- Босатпа! Тарт арқаныңды қатты! - деді Тоқан ағай дауыстал.

Бұдан соң Бекен қорғанбай арқаның бір үшін беліне тағы да орап жіберіп, қарғып-тулап аласұрған сүлік қараның да мойнын жерге ие қойды. Қалай асаусыса да мініс көрген ат қой, біртіндеп жуаси берді. Бекен “құр-құрлап” жанына барып, дірілдеген денесін сипалап, иісім сінді-ау деген кезде арқанды басына нокталады да, арқасына қарғып мінди.

- Эй, байқа, мөңкіп, жығып кетіп жүрмесін, - деп, Жорға Жұмабектің жаны шығып барады.

- Жықпайды. Ары-бері журіп көрші, - дейді Тоқан ағай.

- Бұл тебініп қалып еді, сүлік қара ата жөнелді. Әттең, кең дала болса көсілгелі-ак тұр. Аяғын қалай билей басады десенші! Арқасы болса тақтайдай. Мойын деген иілген доға. Не керек, нағыз желмаяның өзі. Мұндай аты болған адамның не арманы бар екен?.. Бекен қораның ішін бір-екі айналып өткен соң, Тоқан ағай:

- Қалай, Бекен, қойға мінуге жарай ма? - деді жымып.

- Жарайды, - деп, бұл да жымиды.

- Жараса, мінбейсің бе?

- Мінем, - деді бұл бірден. - Мінем?

Жорға Жұмабек:

- Ойбай-ау, Төке, - дей бергені сол:

- Жә, саған жорға не керек, өзің де жорға емессің бе? - деп, Тоқан ағай кеңк-кеңк күліп алды да: - Жасың қырықтан асқанда жорғаны қайтесің, Жұмаш. Мінсін де мына жастар... Ал сен, Бекен, қазір жинал да, тарт жайлауға. Кенөрісте үй тігіп отырған Жемеш ағаңа көмекші бол. Оқу жайын кейін ойластырмыз.

Бекенниң көзі шырадай жанды. Директормен аз-пұз жеке өнгімелескен соң, сүлік-қараны біреу тартып алатында тайпалта жөнелген.

3

Бекен оң қапталындағы сілем-сілем тау сауырын артқа сап, Кенөрістің желкесіндегі биік жотаға шыға келгенде, алдынан салқын самал лекіп қоя берді. Ат басын тежеп, иек

астына көз салды. Жарықтық, көсіліп жатқан баяғы Кеңөріс, етек-жені далиған баяғы мол аңғар. Қигаштай шапсан, сонау қара жалды ұзын жотаға жеткенше атың ақ көбікке малшынар еді. Ілдилай тартсан, Бұлғындысайдың бойындағы боз талдарға тірелгенше тақымың тозар. Жоғарғы жағы айқай салсаң даусынды ала қашар сойдақ-сойдақ мұзарт шың. Төсі түгел сыландай аққан сансыз бұлақ. Осындай құтты қонысты қалай қиып кетерсін, қалай сағынбассың. Әне, шындардың шолақ құйрық, көлеңкесінде бір отар қой жайылып жүр. Жәмештің отары. Бергі жақ шетінде көк аттың үстінде отырган Жәмештің өзі. “Байғұс, күнді батыра алмай сарғайып түрган шығар”.

Бөкен етекке шауып түсіп отарға бұрылғанда, Жәмеш те бұған қарсы жүрді: “Расында, жалығып түр екен-ау”. Көмекшісі қандай ат мініп келгенін көрсін дегендей, оған жақында бергенде, сұлік қараны тіктен құтырта түсті. Бірақ көк атқа елу қадамдай қалғанда тізгінді кілт тежеді. Жәмеш деп келе жатқаны басқа адам сияқты... Иә, басқа адам. Дөңгелек қоңыр тымағын шекесіне түсіре киген бір мыжырайған шал. Үстінде көнетоз сур шапан. Бөкен оның Оспан ақсақал екенін жаңына келгенде ғана таныды.

- Ассалаумалейкүм, ата! - деп, бұл ат үстінде созылып барып, оның қолын алды.

- Уағалейкүмассалам... Е-е, Есілбектің баласы екенсің ғой. Иә, әкең күйлі-қуатты ма? - деді ол, насыбай шақшасын ердің қасына тық еткізіп.

- Аман-сау. Дем алып жатыр.

- Е, дем алсын, байғұс. Жалғанның қызығын енді көрмесе бұрын не рахатқа батыпты. Ол екеуміздің ғұмырымыз “шәй-шәймен-ақ” өтті ғой.

- Өзініз неге дем алмайсыз, ата?

- Дем алмайын деп жүрмін бе, балам. Анау Тоқан деген бала, деректірді айтам да, тегі, “Қой бағатын адам жоқ. Балшықтан қойшы жасай алмай отырмыз” деп, қайта-қайта қыт-қыттап қоймаған соң, көткемде амалсыз көніп едім. Содан бері мына Мырзабекті итшілеп жүрген де баяғы. Ауылға кетейін десем, бөтшагарлар орныма адам таппай отырган көрінеді.

- Итшілегені несі, ата?

Оны сұрап қайтесің? - деп, ол ерніңдегі насыбайды былши еткізіп түкіріп тастады. - Өзің қайда тарттың, балам?

- Тоқан ағай мені де көмекші етіп жіберді Жемешке. Оның қосы қайда еді?

- Е-е, Жемешке жіберді де. Жөн. Жө-өн... Ол анау Бұлғындысайды. Жылда әкен қара күзде қос тігетін дөңгелек сазды білесің бе? Жемешің тұра сонда.

- Қызық екен?.. Әлден сай-саланы сағалағаны қалай? Малға обал да.

- Тәйір-ай, солар мал жайын ойлап жүр дейсің бе? - деп, Оспан ақсақал қолын селсоқ сілтей салды.

Бекен шалмен қысқа қоштасты да, ылдилап жүріп кетті. Манағыдай өрекпіп сүлік қараға қамшы да үйірмеді. Өз еркі өзіне тиғен соң, оның да желігі басылып, жұмсақ аянына басты. Неге екені белгісіз. Бекеннің көңілі сұып, көкірегі бос қалған сияқты. Есінен жаңағы шалдың сөздері кетер емес. “Біреудің есігіндегі адам да бір, ит те бір емес пе” дейді. Соңда қалай, Мырзабек бұрынғының байларындай өз көмекшісін ит есебінде ұстағаны ма? Және Мырзабек осы Оспан ақсақалдың туған інісінің баласы. Сол жақын туысын шал өлдебір адамдай “біреу” дейді. Сұнда бір гөп бар-ау...

Бекен Бұлғындысайдыга күн бата жетті. Жемеш қосын тұра бұның атасының жұртына - доғалдау дөңдің етегіне тігілті. Қойдың алды қотанға жаңа құлай бастаған. Ат дүбірін естіген екі қара ит сонадайдан арсыладап, тұра ұмтылды. Артынша қоңыр киіз үйден екі жігіт ытып шықты да, мықындарын таянып талтайып тұра қалды. Бекен тайпалта жорғалатып келіп, ат басын үш ашалы мама ағашқа байлаған соң, жігіттерге беттеді. Жемештің жанындағы ұзын қара - Мырзабек екен.

- Сөлеметсіздер ме? - деп, Бекен оларға қол берді.

- Сөлемінді алдық, - деді Жемеш, қысынқы шегір көздерін бұған тұра қадап.

- Жорға Жұмабек пе десек, сен екенсің ғой. Оқуга кеткенің қайда, ей, сенің. Бітіріп қайтқаннан саумысың? - деп, Мырзабек сап-сары тістерін ырситып, жырқ-жырқ күлді.

- Жүрісің сұыт қой, - деді Жемеш, өлі де бұдан көз алмай.

- Тоқан ағай сізге көмекшіге жіберді, - деп, бұл желкесін қасыды.

Мырзабек Жемештің иығынан қағып қалды.

- Тілеуінді берді, Жәке. Шалқаңнан тұс те, енді жат.
- Ауылда шал-шашпіттар қырылып қалған ба? - деді Жәмеш Мырзабектің сөзін елемей.
- Жоғ-Ә, бәрі аман. Атам сізге сөлем айтты.
- Атаңның сөлеміне зар едік. Алдық дүгай сөлемін. Оң көзімен қарай журсін деген шыгар.
- Жоғ-а, өншейін жай “сөлем де” деді.
- Ім-м, өншейін жай “сөлем де” деген екен ғой.

Жәмеш мырс етіп миығынан күлді де, қосқа бұрылып кетті. Бөкен не істерін білмей, кирзі етігінің тұмсығымен жерді тұртпектей беріл еді, Мырзабек иығына қол салып:

- Иә, інішек, сенің келгеніңе Жәкең қатты қуанып қалды, - деп кенқ-кеңқ күліп қойды. - Менде бір көмекші бар. Оспан шалды білесің ғой, сол. Ол келгенде, мен де қатты қуанғам... Жәкең екеуміз деген немене, өбден қажыған адамбыз. Көктемде қой төлдеген кезде миымыз ашып кеткен. Енді-енді есіміз кіріп келеді... Сенің келгенің дұрыс болған.

Бұл уақытта Жәмеш қостың іргесінде жатқан ағаш ерге жайланағып отырып, басына шуберек оралған жарты құлаш сумбемен мылтығының үнғысын тазалай бастады. Мылтығы аңшыларғана үстайтын нағыз бесатар сияқты. Затворы бір қарыс. Шүріппесі мен қарауылы да жай мылтықтан өзгеше. Мүмкін, бұл бесатар да емес шыгар?

- Аға, мынауыңыз қандай мылтық? - деді Бөкен ақырын.
- Ататын мылтық, - деп, Жәмеш мырс етті.
- Жоқ, маркасын айтам да.
- Маркасы ескі.

Бір ыңғайсыз нәрсені сұрағандай Бөкен қарадай қысылды. Соナン кейін жөні тұзу бір сөз естігісі келіп:

- Тұзу тие ме? - деді күнқ етіп.
- Жоқ, айналып-айналып барып тиеді, - деп, Жәмеш шырт түкіріп тастанды. Бөкен күрсінді. Мырзабектің екі иығы селкілдеп, тағы да кеңкілдеп күлсін.
- Баламысың деген осы. Әлі күнге оқтың үнғыдан айналып үшатынын білмейді. Айналып үшатын оқ айналып-айналып барып тиеді, бала, ұғып ал.

Бөкен үндеғен жоқ, көзі жылдықтап жер шүқылай берді. Сосын бір сөт басын көтеріп маңайына қарады. Киіз үйдің белдік арқанында алты-жеті суырдың терісі жаюлы түр. Бүгін